

МРНТИ 14.01.11
УДК 378.1



АЙТМАҒАМБЕТОВ Д.Р.
т.ғ.к., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ,
басқарма мүшесі –
Стратегиялық даму жөніндегі
проректоры,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Республикасы

AITMAGAMBETOV D.R.
С.Н.Сс., L.N. Gumilyov ENU,
Member of the Management
Board - Vice-Rector for Strategic
Development,
Nur-Sultan, Republic of
Kazakhstan

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: БАҒЫТТАРЫ, НӘТИЖЕЛЕРІ

СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ: НАПРАВЛЕНИЯ И РЕЗУЛЬТАТЫ

DEVELOPMENT STRATEGY: ITS DIRECTIONS AND RESULTS

АҢДАТПА. Мақалада «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамы (КеАҚ) тәжірибесі негізінде ғылымды дамыту мен білім беруді жетілдіруде қолданылатын даму стратегиясының бағыттары мен нәтижелері талқыланады, талданады. Хронологиялық тұрғыда салыстырмалы талдау әдісі негізінде ҚОРЫТЫНДЫ жасалады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: даму стратегиясы, ғылым, білім беру, халықаралық байланыс.

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются и анализируются направления и результаты Стратегии развития науки и образования Некоммерческого акционерного общества (НАО) «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». На основе метода сравнительного анализа делаются выводы.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: стратегия развития, наука, образование, международное сотрудничество.

ABSTRACT. The article discusses and analyzes the directions and results of development strategies used in the development of science and education the basis of L.N. Gumilyov Eurasian National University Non-Commercial Joint-Stock Company (NJSC). The CONCLUSION is made on the basis of the method of comparative analysis in chronological order.

KEY WORDS: development strategy, science, education, international relations.

КІРІСПЕ. «Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі шешімімен 2021-2025 жж. арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді.

Даму стратегиясы 5 негізгі бағытты қамтиды. Олар: ғылымды дамыту және коммерциаландыру; академиялық үстемдікті орнықтыру; халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырып, интернационалдандыру жұмысын жүзеге асыру; білім алушылар мен оқытушылар үшін инновациялық экожүйені құрып, жағдай жасау; басқару, қаржыландыру жүйелерін оңтайландыру.

Әр бағыттың өз мақсаттары бар. Ғылымды дамыту бағытындағы басты мақсат – зерттеу университеті дәрежесін алу, қаламен, бизнес-кәсіпорын өкілдерімен ынтымақтастықты нығайтып, қаржыландырылған келісім-шарттар санын көбейту, ғалымдардың идеялары мен ғылыми табыстарының практикалық маңыздылығын арттыру болып табылады. Академиялық үстемдікті

INTRODUCTION. A new Development Strategy was approved by the decision of the Board of Directors of L.N. Gumilyov Eurasian National University NJSC for 2021-2025.

The development strategy includes 5 main directions. They are development and commercialization of science; establishing academic dominance; implementation of internationalization work to increase international competitiveness; creation and creation of conditions for innovative ecosystems for students and teachers; management, optimization of financing systems.

Each direction has its own goals. The main goal in the development of science is to obtain the status of a research university, strengthen cooperation with the city, representatives of business, increase the number of funded contracts, increase the practical significance of ideas and scientific achievements of scientists. In the direction of establishing academic

орнату бағытында – білімді, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын сапалы, заманауи, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеп, түлектердің сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету көзделеді. Үшінші бағыт бойынша халықаралық рейтингте беделі мен мәртебесі бар танымалдыққа ие болу көзделеді. Шетелдік студенттердің университетімізде білім алуға қызығушылығын арттыру көзделеді, ынтымақтастық орнатқан елдердің бірінде филиалымызды ашу жоспарланады. Төртінші бағыт бойынша оқу үдерісінің инфрақұрылым нысандарын сатылы түрде модернизациялау, заманауи, интеллектуалды, цифрлық экожүйені қалыптастыру мақсатталады. Бесінші бағыт бойынша басқару мен қаржыландырудың ашықтығын, тиімділігін арттыру қарастырылады.

2020 жылдан бері елде пандемия мен шектеу шаралары орын алды. Бұл жағдай стратегиялық даму мақсаттарына қайшы келді. Бірақ, он-лайн форматында білім беру жүйесі өзінің межелік шарықтауына жетті. Қашықтықтан оқытудың әдістемесі жүйеленіп, жетілдірілді. Жаңа оқыту бағыттары қалыптасып, IT құзыреттер күшейтілді, материалдық-техникалық база жаңартылып, кеңейтілді. Мәселен, виртуалды зертханалар сатып алынды. 16 659 білім алушысы бар он-лайн оқыту порталдары Moodle, MOOC жанданды. Бір MOOC-та 15 бейнедәріс, бақылау жұмыстары мен тест тапсырмалары қамтылған 97 MOOC әзірленді. Оның 28 – жалпы білім беру пәні, 50 – базалық пән, 19 – элективті пән болды. 2021 жылы осы қарқынмен 39 MOOC әзірленді. [1]. Цифрлық даму және қашықтықтан оқыту департаменті оқытушылар үшін университет сайтына оқу-әдістемелік кешендер мен құралдардың электрондық-мультимедиялық нұсқасын әзірлейтін автоматтандырылған бағдарламаны жүктеді [2]. Бұл – оқу үдерісін цифрландырудың бір түрі болды.

Яғни, «пандемия арқасында» білім беру мен ғылымды дамытуға жаңа серпін беріліп, стратегиялық дамуға жаңа қөзқарас пен әдіс қолданылды.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Университет коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде екінші жыл корпоративтік басқару қызметін (әдісін қолданып) атқарып келеді. Корпоративтік басқару әдісі – мәселенің көпшілік талқылауы мен саралауы арқылы шешілуін

dominance, it is planned to develop high-quality, modern, innovative educational programs that train educated, competitive professionals and ensure the demand of graduates. The third direction is to gain prestige and status in the international rankings. It is planned to increase the interest of foreign students in studying at our university, it is planned to open a branch in one of the partner countries. The fourth direction aims to gradually modernize the infrastructure of the educational process, the formation of a modern, intelligent, digital ecosystem. The fifth direction is to increase the transparency and efficiency of management and financing.

Since 2020, there have been pandemics and restrictive measures in the country. This situation contradicted the goals of strategic development. However, the education system in the online format has reached its zenith. The methods of distance learning have been systematized and improved. New areas of training have been formed, IT competencies have been strengthened, material and technical base has been updated and expanded. For example, virtual laboratories were purchased. Online learning portals Moodle with 16,659 students, MOOCs have been revived. 97 MOOCs were developed, where one MOOC includes 15 video lectures, tests and tasks. 28 of them are general education subjects, 50 are basic subjects and 19 are elective subjects. In 2021, 39 MOOCs were developed at this rate [1]. The Department of Digital Development and Distance Learning has installed an automated program for teachers on the university website, which develops electronic-multimedia versions of teaching aids and tools [2]. It was a kind of digitization of the educational process.

That is, "thanks to the pandemic" a new impetus was given to the development of education and science, a new approach and approach to strategic development was used.

MATERIAL AND METHODS OF RESEARCH.

For the second year in a row, the University has been operating as a non-profit joint-stock company. Corporate governance method provides a solution to the problem through public discussion and analysis, ie does not use an authoritarian system of governance. The Board of Directors considers the risks of the issue and responsibly ensures

қамтамасыз етеді, яғни авторитарлық басқару жүйесін қолданбайды. Директорлар кеңесі мәселені шешуде оның тәуекелдерін қарастырып, жауапкершілікпен ашықтықты, объективтілікті қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің қызметі, жоспары, құрамы, отырыс хаттамалары жайлы мәліметтер университет сайтында жарияланып отырады. Оның Қоғам алдында ашықтықтығын Директорлар кеңесінің төрағасы ҚР Білім және ғылым министрі А.Қ. Аймағамбетов қамтамасыз етеді [3].

Корпоративті басқару әдісі негізінде жаңа кадрлық саясаттың әдістемесі жасалды. Соның бірі – талант-менеджмент бағдарламасы. Ол – ұйымның дамуына елеулі үлес қосатын жұмыскерлерді тиімді пайдаланып, оларды ынталандыру көздерін қарастырады [3].

Корпоративтік басқару әдісі факультеттердің жоғары мектеп пен институтқа трансформациялануына мүмкіндік берді, яғни дербес автономды басқару түріне жол ашты. ҚР Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов 2021 жылы 24 қыркүйекте жоғары оқу орындарының ректорларымен өткізген отырысында осы міндетті орындауды тапсырды [4]. Бұл міндетті орындау «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ 2021-2025 жж. арналған Даму стратегиясында көзделді [5].

Осы міндеттерді орындау Физика-техникалық факультеті мен Әлеуметтік ғылымдар факультетіне артылды. Бұл олардың автономды-дербес ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге, коммерциализацияландыру қызметін атқаруға, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде еркін таңдау жасауға жол ашады.

Корпоративтік басқару әдісі университеттің даму стратегиясын да қайта қарап, оның бағыттарын өзгертті. Сондықтан бүгінгі күні оның нәтижелері өткен жылдармен салыстырғанда көтерілді.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.

Осыдан 3 жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда университеттің кадрлық саясаты өзгеріп, ғылыми әлеуеті өсті. Бүгінде 13 факультетте 1331 штаттық оқытушы, оның ішінде 171 ғылым докторы, 489 ғылым кандидаты, 213 PhD. ПОҚ-ның 16-сы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының (ҰҒА) академигі, 8-і ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 140-ы – «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Университеттің ғылыми әлеуеті 3 жыл бұрын

transparency and objectivity. Information on the activities, plans, composition, minutes of meetings of the Board of Directors are published on the university website. Its openness to the public was noted by the Chairman of the Board of Directors, Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan A.K. Provides Aimagambetov [3].

A new methodology of personnel policy was developed on the basis of corporate governance. One of them is a talent management program. It considers the sources of motivation for the effective use of employees who make a significant contribution to the development of the organization [3].

The method of corporate governance allowed the transformation of faculties into universities and institutes, that is, opened the way to autonomous management. Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Aimagambetov instructed to fulfill this task at a meeting with rectors of universities on September 24, 2021 [4]. Fulfillment of this task was mentioned in Development Strategy of L.N. Gumilyov Eurasian National University NJSC provided for in the Development Strategy for 2021-2025 [5].

The fulfillment of these tasks was entrusted to the Faculty of Physics and Technology and the Faculty of Social Sciences. This will allow them to conduct autonomous research, perform commercialization activities, and make free choices in the development of educational programs.

Corporate governance has also revised the university's development strategy and changed its direction. Therefore, today its results are higher than in previous years.

RESULTS AND THEIR DISCUSSION.

Compared to 3 years ago, the personnel policy of the university has changed and its scientific potential has increased. Today there are 1331 full-time teachers in 13 faculties, including 171 doctors of sciences, 489 candidates of sciences, 213 PhDs. 16 faculty members are academicians of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (NAS), 8 are corresponding members of the NAS RK, 140 are Bolashak graduates. The scientific potential of the university 3 years ago was 60%, today it is 65.5%. In 2021, 25 teachers passed the competition

60%-ды құраса, бүгінде 65,5% құрайды. 2021 жылы ҚР БЖҒМ жариялаған «Болашақ» бағдарламасының конкурсынан 25 оқытушымыз өтті. 2021 жыл ҚОРЫТЫНДЫСЫ бойынша «Үздік оқытушы» грантына 13 адам, атаулы сыйлықтарға – 5 адам, мемлекеттік ғылыми стипендияларға – 6 адам, «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығына – 9 адам ие болды. ЕҰУ-нің 14 ғалымы ҚР ПОҚ бас рейтингінің Топ-50 құрамына кірді. Осы көрсеткіштердің барлығы университетіміздің стратегиялық даму мақсаттарының өзгеруіне байланысты көтерілді. Яғни мақсат – зерттеу университеті мәртебесін алу, ғылымды коммерцияландыру болып табылады.

Университет 3 халықаралық және 3 өңірлік ғылыми кластерді дамытуға күш салуда. Жаһандық импакт кластері аясында 10 келісім-шарт және аймақтық импакт кластері аясында қаламыздың мәселелерін шешу мақсатында 12 қаржыландырылған келісім-шарт жасалды. Университет ғалымдарымен «Жобалар картасы» әзірленіп, 25 жобаның концепциясы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне ұсынылды.

2021 жылы 1,8 млрд. теңгені құрайтын жалпы саны 110 жоба (103 гранттық-қаржыландырылған және 7 халықаралық жоба) жасалды. 2019 жылы жоба саны 92 бірлікті құрады. Қаржыландырылған жобалар саны бойынша Физика-техникалық факультетті (21 жоба), Жаратылыстану ғылымдары факультетін (12 жоба), Ақпараттық технологиялар факультетін (9 жоба) атап өтуге болады. Аталған факультеттердің әрқайсысы 300 млн. теңгеден бастап, кемінде 100 млн. теңгеге дейін табыс әкелді. Зерттеу жұмыстары ядролық физика, сутегі энергетикасы, функционалдық материалдар мен технологиялар саласындағы ғылыми теориялық және эксперименттік зерттеулер, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы энергетикалық сектордың әсері, биология және биотехнология, ақпараттық технология прогресі мен қауіпсіздігі т.б. салаларды қамтиды. Бұл жобалар Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Тұжырымдамасының міндеттеріне жауап береді [6].

Ғалымдарымыздың ғылыми жаңалықтары мен гипотезалары халықаралық ғылыми рейтингтік журналдарда да сұранысқа ие. Web of Science және Scopus базасында мақалалар жари-

of the "Bolashak" program announced by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Following the results of 2021, 13 people received the grant "The best teacher", 5 people received nominal prizes, 6 people received state scientific scholarships, 9 people received the award "The best researcher". 14 scientists of ENU were included in the Top-50 of the general ranking of RK faculty. All these indicators have risen due to changes in the strategic development goals of our university. That is, the goal is to obtain the status of a research university, the commercialization of science.

The university strives to develop 3 international and 3 regional research clusters. Within the framework of the global impact cluster, 10 contracts were signed, and within the framework of the regional impact cluster, 12 funded contracts were signed to address the problems of our city. University scientists developed a "Project Map" and submitted the concept of 25 projects to the akimat of Nur-Sultan.

In 2021 total of 110 projects (103 grant-funded and 7 international projects) which cost 1.8 billion were developed. In 2019, the number of projects was 92 units. The number of funded projects is the Faculty of Physics and Technology (21 projects), the Faculty of Natural Sciences (12 projects), the Faculty of Information Technology (9 projects). Each of these faculties brought income from 300 mln. tenge and up to at least 100 mln. tenge. The research includes scientific, theoretical and experimental research in the field of nuclear physics, hydrogen energy, functional materials and technologies, the impact of the energy sector on environmental protection, biology and biotechnology, information technology progress and security, etc. areas. These projects meet the objectives of the Concept of Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025 [6].

Scientific discoveries and hypotheses of our scientists are also in demand in international scientific journals. The number of articles published on the basis of Web of Science and Scopus is growing every year. In 2019 - 309 articles, in 2021 - 548 articles were published [7], which is an increase



Сурет 1. – Университет ғалымы М.В. Здоровец ғылыми-оқу зертханада
Figure 1. - Zdorovets M.V., the university scientist, in research and educational laboratory

ялау саны бойынша көрсеткіш жыл сайын өсуде. 2019 жылы – 309 мақала болса, 2021 жылы – 548 мақала жарық көрді [7], яғни 2019 жылмен салыстырғанда 77%-ға өсті. Мақалалардың дәйексезділік пайызы да жоғары. 2019 жылы – 2,3%-ды құраса, 2021 жылы 3,7%-ға қол жеткіздік. Университет ғалымдары М.В. Здоровец, А.Л. Козловский, Д. Бөргеков, Д.И. Шлимас мақалалары халықаралық ТОП-1 дәйексезділік рейтингісіне кірді. Олардың ұжымдық авторлықпен жазған 1 ғана мақаласына 50 дәйексөз сілтемесі жасалған [7]. Және бұл сілтемелерді АҚШ, Германия, Ресей, Түркия т.б. мемлекеттердің ғалымдары көрсетіпті. Бұл үрдіс – ПОҚ ұсынған ғылыми идеялар мен тұжырымдардың өзектілігі мен көкейкестілігін көрсетіп, сұранысқа иелігін танытады.

Scopus базасында индекстелетін Қазақстанның 12-журналынан 3-уі ЕҰУ-де шығарылады. 2019 жылы бұл бағытта 2 журнал болатын. Олар «Eurasian mathematical journal», «Eurasian journal of mathematical and computer applications» (EJMCA). 2021 жылы «Eurasian journal of physics

of 77% compared to 2019. Articles also have a high percentage of citations. In 2019 - 2.3%, in 2021 we will reach 3.7%. University scientists M.V. Zdorovets, A.L. Kozlovski, D. Borgekov, D.I. Schlimas's articles are included in the international TOP-1 citation ranking. Only 1 article co-authored by them has 50 citations [7]. And these links are used in the USA, Germany, Russia, Turkey, etc. Scientists from different countries have shown. This process demonstrates the relevance and demand for scientific ideas and CONCLUSIONS proposed by faculty.

3 out of 12 journals of Kazakhstan indexed on the basis of Scopus are published at ENU. In 2019, there were 2 magazines in this area. They are the Eurasian Mathematical Journal and the Eurasian Journal of Mathematical and Computer Applications (EJMCA). In 2021, the Eurasian journal of physics and functional materials entered the Scopus database. The level and potential of publication in domestic publications is also high. The list of publications recommended by the Committee for

and functional materials» журналы Scopus базасына енді. Отандық басылымдарда да жарияланым жасау деңгейі мен әлеуеті жоғары. Университетіміздің ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдар тізіміне «ЕҰУ Хабаршысының» 12 сериясы кіреді [3]. Сонымен қатар, «Turkic Studies Journal» ғылыми журналы Scopus базасына кіру мақсатын алға қойып, талаптарын орындауда. Ресейлік ғылыми дәйексөз индексті журналдар қатарына университетіміздің 8 ғылыми журналы кіреді.

Университетте PhD ғылыми дәрежесін алу бағытында диссертациялық қорғаудан өткізу бойынша 26 диссертациялық кеңес қызметі бар. 2021 жылы «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ» КеАҚ диссертациялық кеңестерінде 88 диссертация қорғалды, яғни ЕҰУ-нің 88 жеке дипломы берілді.

Ғылымды коммерцияландыру – стратегиялық міндет. Себебі әр ғылыми идея мен өнімнен ғалымға да, оқу орнына да, мемлекетке де табыс түсуі қажет. Ғылыми идея жүзеге асырылып, өнім сұранысқа ие болған сайын, ғылымның да практикалық маңыздылығы артады. Бұл бағыттың әлеуетін арттыруда 2021 жылы ақпанда ҚР Үкіметі Қаулысына сәйкес «Ядролық технологиялар паркі» (ЯТП) АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін ЕҰУ-не берілуі маңызды қадам болып табылады. Парктің қосылуы ғылымды қажетсінетін радиациялық және ядролық технологиялардың ғылыми-өндірістік базасын кеңейтуге ықпал етеді және білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тәжірибе орталығы болып табылады. Коммерцияландыру бағытында университетіміз парк негізінде суды тазартуға арналған Ядролық-тректі мембраналық сүзгілердің жаңа өндірісін орналастыруды жоспарлап отыр.

Коммерцияландыру бағытын интеграциялау мақсатында 2022 жылы 2 ақпанда «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор Е.Б. Сыдықов 3 ғылыми институтпен ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасады. Олар Ядролық физика институты, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты және Өсімдіктер биологиясы мен биотехнологиясы институты.

Тек ғылыммен айналысып, ғылыми жаңалық және табыс әкелу, ғылымды коммерцияланды-

Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan includes 12 series of "ENU Bulletin" [3]. In addition, the Turkic Studies Journal aims to join the Scopus database and meets its requirements. Russian scientific citation index journals include 8 scientific journals of our university.

The university has 26 dissertation councils for the defense of dissertations for the degree of PhD. In 2021, "L.N. 88 dissertations were defended in the dissertation councils of L.N. Gumilyov ENU, i.e. 88 individual diplomas of ENU were awarded.

Commercialization of science is a strategic task. Because every scientific idea and product should benefit the scientist, the university and the state. As the scientific idea is realized and the product is in demand, the practical significance of science increases. An important step in increasing the potential of this area is the transfer of the state block of shares of JSC "Nuclear Technology Park" (NTP) to ENU in February 2021 in accordance with the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. The inclusion of the park will expand the research and production base of science-intensive radiation and nuclear technologies and will be an experimental center for the organization of internships and research work of students. In the direction of commercialization, our university plans to place a new production of nuclear-track membrane filters for water treatment on the basis of the park.

On February 2, 2022 in order to integrate the direction of commercialization, Chairman of the Board – Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University NJSK Sydykov E.B. signed cooperation agreements with 3 research institutes. They are the Institute of Nuclear Physics, A. Baitursynov Institute of Linguistics and the Institute of Plant Biology and Biotechnology.

In order to be engaged only in science, to bring scientific innovation and success, to commercialize science, 15 research and teaching staff were organized. Three years ago, there was no such staff. There are 30 research institutes for the development of science.

The main activity, which is considered on an



Сурет 2. – Студенттер университет кампусы аумағында
Figure 2. - The ENU Students on the campus

ру мақсатында 15 зерттеуші-оқытушы штаттық бірлігі ұйымдастырылды. Үш жыл бұрын мұндай штаттық бірлік болмады. Ғылымды дамыту жолында 30 ғылыми-зерттеу институты бар.

Ғылымды дамыту қызметімен терезесі тең қаралатын басты қызмет – бәсекеге қабілетті, білікті маман даярлап, сұранысқа ие білім беру бағдарламаларының түлектерін шығару.

2021 жылы халықаралық аккредиттеуден және сертификаттаудан өткен білім беру бағдарламаларының көрсеткіші 95%-ға жетті. Университет дәстүрлі түрде халықаралық және қазақстандық аккредиттеу агенттіктерінің институтционалдық және мамандандырылған рейтингтерінде жетекші орын алады. 2021 жылы Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің (БСҚТА) және Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (АРТА) нұсқасы бойынша ҚР үздік жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингінде Қазақстанның үздік көпбейінді жоғары оқу орындарының арасында екінші орынға ие болды [8].

equal footing with the development of science, is the training of competitive, qualified specialists and the graduation of graduates of popular educational programs.

In 2021, the rate of internationally accredited and certified educational programs reached 95%. The University traditionally occupies a leading position in the institutional and specialized rankings of international and Kazakh accreditation agencies. In 2021, according to the Independent Agency for Quality Assurance in Education (IQAA) and the Independent Agency for Accreditation and Rating (IAAR) in the National Ranking of the best universities in Kazakhstan took second place among the best multidisciplinary universities in Kazakhstan [8].

In 2021, the IAAR rating for groups of educational programs (EEG) was conducted for the first time. It was attended by 132 EEGs, including 43 bachelor's, 55 master's and 34 doctoral programs. According to the results of the ranking, 110 out of 132 programs

2021 жылы АРТА рейтингі алғаш рет білім беру бағдарламаларының топтары бойынша (МББ) өткізілді. Оған 132 МББ қатысты, оның ішінде 43 бакалавриат, 55 магистратура, 34 докторантура бағыты. Рейтинг ҚОРЫТЫНДЫсы бойынша 132 бағдарламаның 110-ы үздік үштікке орналасты, бұл 83%-ды құрады [3].

2022 жылы 3 ақпанда ҚР БҒМ тапсырысы бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жүргізген сараптамасының ҚОРЫТЫНДЫсы жарияланды. Еуразия ұлттық университетінің 48 білім беру бағдарламасының 27-сі Қазақстан университеттерінің рейтингінде көш бастап тұр. Зерттеу ҚОРЫТЫНДЫсы бойынша Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үздік көпсалалы жоғары оқу орны, сондай-ақ педагогтарды даярлайтын үздік университет болып танылды. Саралау үш блокқа біріктірілген 19 критерий бойынша жүргізілді: түлектердің мансаптық болашағы, білім беру бағдарламаларының сапасы және білім алушылардың жетістіктері. Өткен жылы университетіміздің 21 білім беру бағдарламасы осы рейтингтің үздік үштігіне енді [9].

Білім беру бағдарламаларының халықаралық сұранысы да жоғары. Әлемнің жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген және іске асырылатын білім беру бағдарламаларымыз бар. Мәселен:

1. QS рейтингінің Топ-200 кіретін 2 білім беру бағдарламасы: 1) «7M02306 – Филология: орыс филологиясы», Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы (ТОП-118) және «8D05401 – Математика», Падова университеті, Италия (ТОП-126) [10].

2. QS рейтингінің Топ-400 кіретін 35 білім беру бағдарламасы бар, оның 24 білім бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қалған 11 білім беру бағдарламасына студенттер қабылдау жоспарлануда [10].

Сонымен қатар, MBA, DBA және постдокторантурада 5 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Олар: «7M04130-Стратегиялық менеджмент», «7M04132-Қаржыны басқару», «7M04140-Персоналды өмірлік бизнес-стратегиясы», «7M06113-Инновация менеджменті және экономиканың цифрлық трансформация», «7M07312-Кеңістіктік дамуды басқаруды ұйымдастыру» [1].

2021 жылы халықаралық пәндік рейтингтерде

were in the top three, which is 83% [3].

On February 3, 2022, the results of the examination conducted by the National Chamber of Entrepreneurs "Atameken" on behalf of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan were announced. Of the 48 educational programs of the Eurasian National University, 27 are leading in the ranking of universities in Kazakhstan. According to the results of the study, L.N. Gumilyov Eurasian National University was recognized as the best multidisciplinary university, as well as the best university for teacher training. The analysis was conducted on 19 criteria combined into three blocks: the career prospects of graduates, the quality of educational programs and student achievement. Last year, 21 educational programs of our university were included in the top three of this ranking [9].

International demand for educational programs is also high. We have educational programs developed and implemented in collaboration with the world's leading universities. For example:

1. 2 educational programs included in the Top-200 of the QS rating: 1) "7M02306 - Philology: Russian Philology", St. Petersburg State University, Russian Federation (TOP-118) and "8D05401 - Mathematics", University of Padua, Italy (TOP-126) [10].

2. There are 35 educational programs in the QS rating, including the Top-400, of which 24 educational programs are being implemented. It is planned to enroll students in the remaining 11 educational programs [10].

In addition, 5 educational programs are implemented in MBA, DBA and postdoctoral studies. They are "7M04130-Strategic Management", "7M04132-Financial Management", "7M04140-Personal Life Business Strategy", "7M06113-Innovation Management and Digital Transformation of the Economy", "7M07312-Organization of Spatial Development Management" [1].

In 2021, the number of educational programs identified in international subject rankings has increased: 6 subject areas ("Physics and Astronomy" (551-600), "Economics and Econometrics" (451-500), "Linguistics" (251-300), "Art and Humanities" (451-500), Rating THE: "Engineering" (401-500),



Сурет 3. –ЕҰУ жаңа кампусының (ЕҰУ-град) жобасы
Figure 3. - The project of the new ENU campus (ENU-grad)

белгіленген білім беру бағдарламаларының саны артты: 6 пәндік сала («Физика және Астрономия» (551-600), «Экономика және эконометрика» (451-500), «Лингвистика» (251-300), «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (451-500), Рейтинг THE: «Инжиниринг» (401-500), «Әлеуметтік ғылымдар» (601+) [1].

2021 жылы 35 инновациялық білім беру бағдарламасы мен 46 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Алдағы мақсат – осы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың санын көбейту.

Грант қаражаты есебінен оқитын түлектерді жұмысқа орналастыру 2019 жылы 77% құраса, 2021 жылы 91% орындалды. Айта кету қажет, 2021 жылы «Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті түлегінің моделі» (7A model) әзірленді. Мұнда Дублиндік дескрипторлар ескеріліп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық стандарттарына сәйкес 7 негізгі құзыреттілік қамтылды.

Интернационалдандыру және халықара-

Social Sciences "(601+) [1].

In 2021, 35 innovative educational programs and 46 new educational programs were developed. The next goal is to increase the number of students in these educational programs.

Employment of graduates studying at the expense of the grant was 77% in 2019 and 91% in 2021. It should be noted that in 2021 "Model of a graduate of the L.N. Gumilyov Eurasian National University" (7A model) was prepared. It covers 7 key competencies in accordance with the national standards of higher and postgraduate education, taking into account the Dublin descriptors.

Internationalization and increasing international competitiveness is one of the main strategic directions of our university. The main task of this direction is to increase the prestige of our university in the international arena of education and science and to take a leading position in the international rankings among universities. It is planned to increase the number of foreign students, to open a

лық бәсекеге қабілеттілікті арттыру – университетіміздің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі. Бұл бағыттың басты міндеті – халықаралық білім және ғылым сахнасында университетіміздің беделін арттыру және ЖОО арасында жүргізілетін халықаралық рейтингтер бойынша жетекші орындарды иелену. Шетелдік білім алушылардың санын арттыру, шетелде, соның ішінде Орталық Азия елдерінің бірінде оқу орнымыздың филиалын ашу көзделеді.

QS халықаралық рейтингінде біздің университет QS WUR рейтингісі бойынша 328 орынға орналасты [11]. Сондай-ақ, университетіміз QS Top 50 Under нұсқасы бойынша әлемнің жас жоғары оқу орындарының рейтингісіне енген Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Сөйтіп, QS Emerging Europe and Central Asia өңірлік рейтингінде 42-орынға көтерілді [12]. Бүгінде университетіміздің 20 халықаралық рейтингте өзіндік орны бар.

Шетелдік ЖОО-мен серіктестік орнату жұмысы қарқынды дамуда. Бүгінде 458 халықаралық келісім-шарт бар, 2019 жылы 343 келісім-шарт болды.

Келісім-шарт жасалған 137 серіктес-университет Academic Ranking of World Universities (ARWU), Times Higher Education World University Rankings және QS World University Rankings рейтингтеріне кіреді. Оның 23 серіктес-университеті - Academic Ranking of World Universities 2021 бойынша Top-600-ге, Times Higher Education рейтингі бойынша 24 серіктес-университет Top-400-ге, QS World University Rankings рейтингі бойынша 33 серіктес-университет Top-500-ге кіреді [1].

Шетелде университеттің 12 мәдени және білім орталықтары мен өкілдіктері бар. Олар Қытай, Индия, Түркия, Бельгия, Ресей, Беларусь т.б. мемлекеттер. Университетімізде М.В. Ломоносов ат. ММУ (РФ) мен Аризона Университетінің (АҚШ) Global Campus Experience өкілдіктері бар. 2021 жылы Венгр (Мажар) тілі оқыту орталығы мен HUAWEI оқыту орталығы ашылды.

2021 жылы университетіміз Техникалық университеттер ассоциациясына мүше болды, координаторы Н.Э. Бауман ат. ММТУ (РФ). Нәтижесінде, 8 халықаралық ассоциацияға мүшесіміз.

Шетелдік студенттер контингенті де өсуде. 2019 жылы 4%-ды (844 студент) құраса, 2021 жылы 5,5%-ды (1067 студент) құрады. 2019 жылы

branch of our university abroad, including in one of the Central Asian countries.

In the international QS ranking, our university is ranked 328th in the QS WUR ranking [11]. In addition, our university is the only university in Central Asia that is included in the ranking of young universities in the world according to the QS Top 50 Under. Thus, QS Emerging rose to 42nd place in the regional ranking of Europe and Central Asia [12]. Today our university has its own place in 20 international rankings.

The work on establishing partnerships with foreign universities is developing rapidly. Today there are 458 international agreements, in 2019 there were 343 agreements.

The 137 contracted partner universities are included in the Academic Ranking of World Universities (ARWU), Times Higher Education World University Rankings and QS World University Rankings. Its 23 partner universities are in the Top-600 in the Academic Ranking of World Universities 2021, 24 partner universities in the Times Higher Education ranking in the Top-400, and 33 partner universities in the QS World University Rankings in the Top-500. [1].

The university has 12 cultural and educational centers and offices abroad. They are China, India, Turkey, Belgium, Russia, Belarus and others. states. At our university M.V. Lomonosov MSU (Russia) and the University of Arizona (USA) have Global Campus Experience. In 2021, the Hungarian Language Training Center and the HUAWEI Training Center were opened.

In 2021, our university became a member of the Association of Technical Universities, coordinator N.E. Bauman MSTU (RF). As a result, we are a member of 8 international associations.

The contingent of foreign students is also growing. In 2019 it was 4% (844 students), in 2021 it was 5.5% (1067 students). In 2019, there will be 18 dual degree programs, and in 2021 there will be 21 dual degree programs. 143 students study under it, 16 of them are 55 foreign students. 33 programs are implemented in English, the number of students is 11.3% (2,203 people).

The direction of cooperation with foreign

18 қосдипломды бағдарлама болса, 2021 жылы 21 қосдипломды бағдарлама жүзеге асырылады. Ол бойынша 143 студент оқиды, оның 16-ы бағдарламасы бойынша 55 шетелдік студент білім алады. Ағылшын тілінде 33 бағдарлама жүзеге асырылады, білім алушылар саны 11,3% (2 203 адам) құрайды.

Шетелдік ғалымдармен бірлесе жұмыс істеу бағыты да жетілген. 2021 жылы ғылыми жобалар аясында 51 шетел ғалымы, QS Academic Survey 2021 сауалнамасына рекордтық 1315 шетел ғалымы қатысты (2019 жылы 250 шетел ғалымы). Ғылыми жетекшілік еткен ПОҚ пен топ менеджерлер саны 2019 жылы – 187 адамды құраса, 2021 жылы – 433 адамды құрады. Яғни ғылым мен білім беру бағытында халықаралық байланыс берік қаланып, халықаралық танымалдылық артып отыр.

Университетімізде білім алушылар мен оқытушылар үшін инновациялық экожүйе құрылған. 2021 жылы ақпараттық жүйелерді (зияткерлік жүйелерді) автоматтандыру үлесі көтерілді, бизнес процестерді басқару үшін SMART-Management қызметі қамтамасыз етілді және корпоративтік ақпараттық жүйе дамытылды. Оқытуда Science.ENU бағдарламалары жүзеге асырылды. Инфрақұрылым бойынша заманауи спорттық-сауықтыру кешені салынып, пайдалануға берілді. №3 оқу-ғимаратында co-working алаңы ашылды. Open-spaces, co-working, creative spaces, individual spaces, relax spaces алаңдарын ашу секілді инфрақұрылымды модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Заманауи кітапхана ғимаратын салу, жатақханалар салу жоспарлануда. ЕҰУ жаңа кампусының (ЕҰУ-град) тұжырымдамасы әзірленді.

Оқу үдерісі үшін білім алушылар мен ПОҚ жайлылығын қамтамасыз ету – университет басшылығының стратегиялық міндеттерінің бірі.

Университет басқару және қаржыландыру жүйесінің тиімділігі мен транспаренттілігін арттыруда. Қаржыландыру көздерін әртараптандыру жұмысы жүргізілді. Эндаумент-қоры құрылды. Факультеттердің жоғары мектеп, институттарға трансформациялану жұмысы қолға алынды. КРІ аясында ынталандыру мақсатында 783 қызметкерге 222,5 млн. теңге төленді. Кәсіби және үздіксіз білім беру мектебі сыртқы тыңдаушылардың біліктілігін арттыру бойынша қызметтен

scientists is also developed. In 2021, 51 foreign scientists participated in research projects, a record 1315 foreign scientists took part in the QS Academic Survey 2021 (250 foreign scientists in 2019). The number of supervised faculty and team managers in 2019 was 187 people, in 2021 - 433 people. In other words, international relations in the field of science and education are strong and international popularity is growing.

An innovative ecosystem for students and teachers has been created at our university. In 2021, the share of automation of information systems (intelligent systems) has increased, SMART-Management services for business process management have been provided and corporate information systems have been developed. Science.ENU programs were implemented in the training. A modern sports and recreation complex was built and put into operation. Co3 co-working platform was opened in the educational building. Infrastructure modernization is underway, including the opening of open-spaces, co-working, creative spaces, individual spaces, relax spaces. It is planned to build a modern library and dormitories. The concept of a new ENU campus (ENU-grad) has been developed.

Ensuring the comfort of students and faculty for the educational process is one of the strategic objectives of the university leadership.

The university is increasing the efficiency and transparency of the management and financing system. Diversification of sources of funding was carried out. An endowment fund has been established. Work has begun on the transformation of faculties into high schools and institutes. 222.5 million tenge were allocated to 783 employees for KPI incentives. Revenues from professional and continuing education professional development services for external students have doubled: 47 mln. KZT 80 mln. tenge [1].

In 2021, on the eve of the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, 27 people were awarded high state and departmental awards for outstanding services; Chairman of the Board-Rector E.B. Sydykov was awarded with Order "Barys" III degree, Head of the Department of Turkic Studies, Professor M. Zholdasbekov was awarded

түсетін табыс 2 есеге артты: 47 млн. теңгеден 80 млн. теңгеге жетті [1].

2021 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында сіңірген ерекше еңбегі үшін 27 адам жоғары мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды; III дәрежелі «Барыс» орденімен Басқарма төрағасы-ректор Е.Б. Сыдықов, «Отан» орденімен Түркітану кафедрасының меңгерушісі, профессор М. Жолдасбеков, «Парасат» орденімен Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Е.А. Онгарбаев және «Отырар» кітапханасының директоры Т. Жұртбай, «Құрмет» орденімен Менеджмент кафедрасының профессоры Б.Н. Исабеков пен «Отырар» кітапханасының директорының орынбасары Д. Махат, «Ерен еңбегі үшін» медалімен Философия кафедрасының доценті С.А. Арыстамбаева мен Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті О.І. Тұржан, «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 30 жыл» медалімен Заң факультетінің деканы Б.М. Сматаев және «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, «ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалімен, «Қаржы қызметінің үздігі» медалімен, ҚР білім және ғылым министрінің Алғысымен 40-тан астам ПОҚ мен қызметкерлеріміз марапатталды.

ҚОРЫТЫНДЫ. Мемлекеттің көшбасшы білім және ғылым ордасына айналып, халықаралық деңгейде «өз мәртебелік маркасына ие» университет атануымыз үшін Даму стратегияның маңызы зор. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» КеАҚ осы қағиданы берік ұстанады. Сондықтан да, жаңа Даму стратегияның бес бағыты бойынша міндеттердің, көрсеткіштердің бір жылдық орындалу нәтижесін қанағаттанарлық деп есептейді. Алдағы уақытта да стратегия міндеттерін орындап, негізгі мақсатқа қол жеткізу көзделеді.

Біз – стратегия дамудың алғышарты, жеңіске жетудің кепілі екенін түсінеміз. Оқу орнымыздың 25 жылдық ғана тарихы жазылса да, бағындырған белесіміз биік! Болашаққа бағдарымыз жарқын!

with the Order "Otan", Member of the Board - Vice-Rector for Academic Affairs E.A. Ongarbayev and the director of the library "Otyrar" T. Zhurtbay were awarded with the Order "Parasat", Professor of Management B.N. Isabekov and Deputy Director of the Otyrar Library D. Mahat were awarded with the Order "Kurmet", Associate Professor of Philosophy S.A. Arystambayeva and Associate Professor of Teleradio and Public Relations O.I. Turzhan were awarded with the medal " For hard work", Dean of the Faculty of Law B.M. Smatlayev was awarded with the medal "30 years of the Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan" and our employees were awarded with the Jubilee Medal "30 Years of Independence of Kazakhstan", the Medal "For Meritorious Service to the Development of Science of the Republic of Kazakhstan", the Medal "Honorary Worker of Education of the Republic of Kazakhstan", the Medal "Excellence in Finance", the Minister of Education and Science.

CONCLUSION. The Development Strategy is important for us to become a leading center of education and science in the country and a university with "its own brand" at the international level. L.N. Gumilyov Eurasian National University NJSC adheres to this principle. Therefore, the results of the annual implementation of tasks and indicators in the five areas of the new Development Strategy are considered satisfactory. It is planned to continue to fulfill the objectives of the strategy and achieve the main goal.

We understand that strategy is a prerequisite for development, a guarantee of victory. Although the history of our university is only 25 years, we have achieved a great success! We have a bright future!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Отчет по реализации Операционного плана НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» за 2021 год. – Нур-Султан: Издательство ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2022 г. – 65 с.
- 2 Евразийская платформа онлайн-курсов [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: www.mooc.enu.kz (дата обращения: 02.03.2022)
- 3 Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: www.enu.kz (дата обращения: 02.03.2022)
- 4 Краткий дайджест новостей МОН за неделю [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/260855?lang=ru> (дата обращения: 02.03.2022)
- 5 Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 2021-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы. Редакторы Е.Б. Сыдықов/Әзірлеушілер: Аймағамбетов Д.Р., Нefeldова Л.В., Теңбай О.Ж. – Нұр-Сұлтан: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті баспасы, 2021 ж. – 63 б.
- 6 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы. [Электронный ресурс]. - 2018. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000846> (дата обращения: 02.03.2022)
- 7 Scopus Preview [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: <https://www.scopus.com/search/form.uri?display=basic#basic> (дата обращения: 02.03.2022)
- 8 Независимое агентство аккредитации и рейтинга IAAR [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: <https://iaar.agency/> (дата обращения: 02.03.2022)
- 9 Национальная палата предпринимателей РК «Атамекен» [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: <https://atameken.kz/> (дата обращения: 02.03.2022)
- 10 QS World University Rankings by Subject 2021: Arts and Humanities [Электронный ресурс]. - 2021. - URL: <https://www.topuniversities.com/university-rankings/university-subject-rankings/2021/arts-humanities> және <https://www.topuniversities.com/university-rankings/university-subject-rankings/2021/engineering-technology> (дата обращения: 02.03.2022)
- 11 QS World University Rankings [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: https://www.topuniversities.com/qs-world-university-rankings?utm_source=topnav (дата обращения: 02.03.2022)
- 12 Top Universities in Emerging Europe and Central Asia in 2021 [Электронный ресурс]. - 2022. - URL: <https://www.topuniversities.com/university-rankings-articles/eeca-university-rankings/top-universities-emerging-europe-central-asia-2021> (дата обращения: 02.03.2022)

Думан Рамазанұлы Айтмағамбетов

тарих ғылымдарының кандидаты,
басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі
проректоры, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық
университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: dumanad@mail.ru

REFERENCES

1. Report on the implementation of the Operational Plan of L.N. Gumilyov Eurasian National University NJSC for 2021. (2022) Nur-Sultan: L.N. Gumilyov ENU Publishing House.
2. Eurasian online platform of courses [Electronic resource]. - 2022. - Available at: www.mooc.enu.kz (date of access: 02.03.2022)
3. L.N. Gumilyov Eurasian National University [Electronic resource]. - 2022. - Available at: www.enu.kz (date of access: 02.03.2022)
4. Kratkij dajdzhest novostej MON za nedelju [Brief digest of MON news for the week] [Electronic resource]. - 2021. - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/260855?lang=ru> (date of access: 02.03.2022)
5. Sydykov, E.B. (Ed.). (2021). Development Strategy of the L.N. Gumilyov Eurasian National University for 2021-2025. / Developers: Aimagambetov D.R., Nefeldova L.V., Tenbay O.Zh. - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University Publishing House.
6. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 20, 2018 № 846 on approval of the Concept of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025. [Electronic resource]. - 2018. - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000846> (date of access: 02.03.2022)
- 7 Scopus Preview [Electronic resource]. - 2022. - Available at: <https://www.scopus.com/search/form.uri?display=basic#basic> (date of access: 02.03.2022)
- 8 Nezavisimoe agentstvo akkreditacii i rejtinga IAAR [Independent agency for accreditation and rating IAAR] [Electronic resource]. - 2022. - Available at: <https://iaar.agency/> (date of access: 02.03.2022)
- 9 Nacional'naja palata predprinimatelej RK «Atameken» [National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan "Atameken"] [Electronic resource]. - 2022. - Available at: <https://atameken.kz/> (date of access: 02.03.2022)
- 10 QS World University Rankings by Subject 2021: Arts and Humanities [Electronic resource]. - 2021. - Available at: <https://www.topuniversities.com/university-rankings/university-subject-rankings/2021/arts-humanities> және <https://www.topuniversities.com/university-rankings/university-subject-rankings/2021/engineering-technology> (date of access: 02.03.2022)
- 11 QS World University Rankings [Electronic resource]. - 2022. - U Available at RL: https://www.topuniversities.com/qs-world-university-rankings?utm_source=topnav (date of access: 02.03.2022)
- 12 Top Universities in Emerging Europe and Central Asia in 2021 [Electronic resource]. - 2022. - Available at: <https://www.topuniversities.com/university-rankings-articles/eeca-university-rankings/top-universities-emerging-europe-central-asia-2021> (date of access: 02.03.2022)

Duman R. Aitmagambetov

Candidate of Historical Sciences,
Member of the Management Board - Vice-Rector
for Strategic Development, L.N. Gumilyov Eurasian
National University,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

E-mail: dumanad@mail.ru